Қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысы бойынша
«№3Хромтау орта мектебі» КММ
ХАТТАМАСЫ № 2

Өтетін күні: 09.10.2021ж.

Қатысқандар: Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-ана, жергілікті мекеме қызметкерлері

Күн тәртібінде:

Хромтау қаласының, №3 Хромтау орта мектебіне директорлық лауазымына үміткер Отаров Шерхан Табиғатұлының №3 Хромтау орта мектебінің даму бағдарламасын ұсынылуы қарастырылады.

Кеукенова Г.Н. сөз алды:

№3 Хромтау орта мектебінің директорлық лауазымына ұсыныс білдіріп отырған Отаров Шерхан Табиғатұлы Алға ауданында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. Білімі жоғары, санаты-педагог-сарапшы. Орта білім беру мекеменің директорлық конкурсына қатысып, тестілеуден өтіп, қамқоршылық кеңеске даму жоспарын ұсынып отыр.

№3 Хромтау орта мектебінің директорлық лауазымына үміткер:
Отаров Шерхан Табиғатұлына сөз кезегі беріледі.

«№3 Хромтау орта мектебі» КММ 2021 – 2024 жылдарға арналған даму бағдарламасы құрылды.

- Бағдарламаның стратегиялық бағыттары:
- Заман талабына сай білім беру сапасын жетілдіру;
- Тәрбие қызметін дамыту;
- Оқу сапалылығын қамтамасыз ету;
- Білім алушыларды педагогикалық -психологиялық сүйемелдеу ;
- Мектептің әрі қарай дамуына , материалдық – техникалық базасын нығайту;
- ҰБТ-ға сапалы дайындықты қамтамасыз ету;

Қамқоршылық кеңес төрайымы мен мүшелері тарапынан сұрақтар қойылып, нақты жауаптар алынды.

Жарыс сөзге қамқоршылық кеңесінің мүшелері сұрақтар қойып, ұсыныстар жасады.

1. Білім берудің сапасын арттыру жолында қоғамдағы білім беру үдерісінің нәтижелігін және педагогтардың кәсіби біліктілігін дамытудағы қоғам қажеттілігі мен үмітке сәйкестігін анықтайтын, өзара бәсекелестікке ұмтылатын ұлағатты ұстаздарды қолдау;
2. Мектепте білім беру бағасын жүйелеу:

- Өскелең ұрпақты рухани адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеу тиімділігін насихаттау;
- Білім беру сапасының нәтижелерін мұқият зерттеп, жоспарлы түрде мониторинг жасау;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында арнайы курстар ұйымдастыру;

Ситекенов О – қамқоршылық кеңесінің мүшесі сөз алды:

№3 Хромтау орта мектебінің дамытудың даму бағдарламасының тиімділігін, өзектілігін анықтап, шешім шығару. Мен, кеңес мүшелерінің айтқан пікірін қолдай отырып, өзім де қолдаймын және сенім артамын. Шерхан Табиғатұлын мектеп басшысына лайықты деп есептеймін.

Қамқоршылық кеңесінде қойылған сұрақ: Мектептің ішкі және сыртқы жөндеу жұмыстары уақытылы қолға алынып жүргізілсе кеңес мүшелері де осы сұрағымды қолдайды деп ойлаймын.

Ата-ана : Бримжанова Альбина – мектептегі педагог кадрлар жеткілікті ме?

№3 Хромтау орта мектебінің директорлық лауазымына үміткер: Отаров Шерхан Табиғатұлы сөз алды.

Сіздің сұрағыңыз бойынша мектептің сыртын жөндеу жұмыстары жоспарда бар, қаражат жағы қарастырылуда және кадр мәселесі де жеткілікті.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Кеукенова Гулмира Нағашыбаевна кезектен тыс отырыстың жоспарымен таныстырып, күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз сөйлеп, отырыстың аясында кандидаттың құзыреттілігін, жан-жақтылығын бағалап, №3Хромтау орта мектебінің директорлық лауазымына лайықты деп Отаров Шерхан Табиғатұлын бір ауыздан қолдап ұсыныс білдірді.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. №3 Хромтау орта мектебінің директорлық лауазымына ұсыныс білдіріп отырған Отаров Шерхан Табиғатұлының жұмыстарын саралай келе аталған лауазымға сайлануын қолдау;
2. №3 Хромтау орта мектебінің директоры лауазымына үміткер Отаров Шерхан Табиғатұлының даму бағдарламасын қолдаймыз.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Кеукенова Гульмира Нагашыбаевна

Қамқоршылық кеңес мүшелері: Реймов Қуандық Есболсынұлы

Ситекенов Оңдасын

Мырзагельдин Қуаныш Таңжарықұлы

Амангалиева Нургул Жолмұратқызы

Биржанов Марал Кансултанович

Курманбаев Ардақ Бақтыбаевич

Касенова Алмагуль Ербулатовна

Бримжанова Альбина

Хатшы: Жолдыбаева Г.Ж.